

## 2015 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 2034 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қарашада № 5181 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Келесі санаттағылар 2015 жылы халықтың нысаналы топтары деп белгіленсін:
  - 1) та бы сы аз адамдар ;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата – ана л а р ;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
  - 7) мүгедектер ;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
  - 10) о р а л м а н д а р ;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
  - 12) жұмыс беруші–заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші–жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
  - 13) қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
  - 14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан а д а м д а р к і р е д і ;
  - 15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
  - 16) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде

тіркелген елу жастан асқан тұлғалар;

17) егер оларға лайықты жұмыс болмаған жағдайда жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары М.Ә. Д о с б о л о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Ғаязов*